

05 шілде 2013 жыл № 10008/1424

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлеріне

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы
болып өтетіні туралы хабарлама

Құрметті ханымдар мен мырзалар,

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлік қоғамы (бұдан әрі – биржа) орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов көш, 280, "Almaty Towers" Көпфункционалы кешенінің Солтүстік мұнарасы, 8^{ші} қабат, өз акционерлеріне, Биржалық кеңестің бастамасымен шақыртылатын (2013 жылдың 27 маусымындағы № 15 отырыс хаттамасы), биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) болып өтетіні туралы хабарлайды.

Жиналыс **2013 жылдың 20 тамызында** алматы уақытымен сағат 15.00-де: Алматы қ., Бөгенбай батыр көш., 115, Grand Hotel "Tien Shan", "Салтанат" залы мекен-жайында болып өтеді.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу 2013 жылдың 20 тамызында алматы уақытымен сағат 14.00-ден 14.45-ке дейін жүргізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқылы акционерлердің тізімі 2013 жылдың 20 тамызында алматы уақытымен сағат 00.00-дегі жағдайы бойынша құрастырылады.

Кворум болмаған жағдайда биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2013 жылдың 21 тамызында алматы уақытымен сағат 15.00-де сол мекен-жай бойынша өткізіледі. Биржа акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу 2013 жылдың 21 тамызында алматы уақытымен сағат 14.00-ден 14.45-ке дейін жиналыс өтетін мекен-жайда жүргізіледі.

* * *

Жиналыстың күн тәртібі

1. Биржалық кеңестің мүшесін сайлау туралы.
2. Биржаның жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы.

* * *

Тіркеуден өткенде жиналысқа қатысушылар жиналысқа қатысуға және жиналыста қаралатын сұрақтар бойынша дауыс беруге құқығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

Күн тәртібіндегі сұрақтарға қатысты материалдар биржа акционерлеріне жиналыс өтер алдында кемінде он күн бұрын жолданады.

Күн тәртібінің сұрақтарының бірі Биржалық кеңестің мүшесін сайлау болып табылуына байланысты, акционерлерден Биржалық кеңестің мүшелігіне үміткерлер биржаға **2013 жылдың 31 шілдесі күні сағат 18.00-ге** дейін жазбаша түрде ұсынуларын сұраймыз.

Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының 44 бабы 2 тармағына сәйкес, Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына ұсынылатын кандидатура туралы ақпаратқа кіреді:

- 1) тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) биржаға үлестес тұлға екендігі туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары туралы мәлімет;
- 5) кандидаттың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын, өзге де ақпараттар.

Сондай-ақ, үміткерді ұсыну туралы хатта Биржа кеңесі мүшелігіне ұсынылатын үміткер қай акционердің өкілі болып табылатынын көрсетуі тиіс.

Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына акционерлер ұсынатын кандидаттар, Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Заңының 54 бабында белгіленген, жетекші қызметкерлерге қойылатын талаптарға сай болуы тиіс.

Биржалық кеңестің мүшесі лауазымына үміткерді ұсынған жағдайда, кандидаттың сандық фотосын электрондық пошта арқылы vika@kase.kz мекен-жайына жолдау қажет.

Анықтама алу үшін телефондар: (727) 237 53 43, 237 53 17, 237 53 00.

Құрметпен,

Президент

Жолдасбеков А.М.

Орындаушы: Гребнева В.Ю., тел.: (727) 237 53 43